

Қамқоршылық кеңесінің отырысының хаттамасы

№1

№ 44А(К)ЖББМ

13.09.2021 жыл

Қатысқандар:

1. Жумагулов Нурсултан Оразович төраға -ИП-төраға
2. Вавилова Лидия Төраға орынбасары -ардағар-ұстаз, меценат
3. Бурин Нұрлан Нұрашович мүшесі- АЗХС директор
4. Камысбаев Тимур мүшесі-ФАО «Өрт сөндіруші»,бөлім командирі
5. Акимов Райымбек Жаксығалиевич мүшесі- ІД күзетші
6. Битлеуов Самрат Лукпанович мүшесі-КТЖ машинист
7. Утенов Каирбек Сабетович мүшесі-АО "Актюбесуэнергия"-күзетші
8. Смагулова Салима Төкешовна мүшесі-Облыстық балалар ауруханасының бас дәрігері
9. Жакупова Лариса Панаевна хатшы -Үй шаруасында

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

Қамқоршылық кеңесінің І отырысы:

1. Қамқоршылық кеңестің 2021-2022 о.ж. арналған жұмыс жоспарын бекіту,
2. Қамқоршылық кеңестің нормативтік-құқықтық құжаттарымен танысу.
3. Оқушыларды оқулықтарымен қамтылуы
4. «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру. Материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау

1-ші мәселе бойынша :

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Жумагулов Нурсултан Оразович кеңестің жұмыс жоспарымен таныстырып, талқылауға ұсынды.

Кеңес төрағасы Жумагулов Нурсултан Оразович.2021-2022 оқу жылына арналған жана құрамымен таныстырды. Қамқоршылық кеңестің мүшелері кеңестің мақсаты мен міндеттерін айқындап жүйелі түрде жұмыс жасауға тілек білдірді. Қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеті туралы таныстырып өтті.

Қамқоршылық кеңестің мақсаты:білім беру ұйымына қолдау көрсету,қаржылық қолдауды қамсыздандыруда ,материалдық –техникалық базасының нығайуына септесу, сондай-ақ, оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу екенін айтты. Қамқоршылық кеңесі жұмысының бағыттарымен функцияларымен де таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесінің бағыттары:білім беру, әлеуметтік-мәдени ,сауықтыру, дамыту бағыттарындағы іс –шараларға көмек көрсету. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың тұрмыс жағдайларымен мен жұмыспен қамтылуын жақсарту. Білім беру ұйымдарының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу мен білім беру ұйымы басшылығының қамқорлық кеңесі алдындағы есебін тыңдап қабылдау керектігі туралы айтты.

2-ші мәселе бойынша :

Тыңдалды :Вавилова Лидия -Төраға орынбасары ,ардағар-ұстаз, меценат

«Қамқоршылық кеңесі туралы Ереже»

Қамқоршылық кеңесінің жұмысы келесі нормативтік актілерімен белгіленеді:

1. ҚР «Білім туралы» Заңы 44 бап, 9 тармақ;
2. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 «Қамқоршылық кеңестің Үлгілік ережесін және сайлау тәртібін бекіту туралы» бұйрығы;
3. 2017 жылғы 27 шілдедегі «Қамқоршылық кеңестің Үлгілік ережесі және сайлау тәртібі»;
4. №26ЖОМ Жарғысы.

Қамқоршылық кеңес құқылы:

- Білім беру мекеме жетекшілігінен, қажет болса, оның орынбасарларынан, педагогика жұмысының жағдайы туралы ақпарат алу;
- Білім беру мекемесіндегі оқушылар білім және тәрбие алу, сондай-ақ олардың денсаулықтарын нығайту және тамақтандыруды ұйымдастыру үшін тиімді жағдай жасау бойынша әкімшілікке ұсыныстар енгізу;
- Білім беру мекемесінің дамытуына үлес қосатын қайырымдылық және басқа да ұйымдарымен қарым-қатынас жасау;
- Заңды және жеке тұлғалардан түскен жарналарын мақсатты пайдалану бойынша қоғамдық бақылау жүргізу.

3-ші мәселе бойынша : Оқушыларды оқулықтарымен қамтылуы

Тыңдалды: Мектеп кітапханашысы Диярова А.А

№44 ауысымдық (кешкі)жалпы білім беретін мектептің 2021-2022 оқу жылына оқушылардың оқулықтармен қамтылған жөніндегі мәлімет:

5-11 қазақ және орыс кластарына алынған оқулықтар саны жөнелтпе құжаты бойынша №2, 25.08.2021ж.

Р/н	Кластар	Жалпы кітап саны	Жалпы сомасы
1	5-11 кластар (қазақ, орыс кластары)	2960 (екі мың тоғыз жүз алпыс теңге)	7264688 (жеті миллион екі жүз алпыс төрт мың алты жүз сексен сегіз теңге)

Ақысыз оқулықтармен қамтылу ретін түсіндіріп өтті, оқулықтарға берілген тапсырыс және оның орындалу туралы айтып, оқу жылының басында барлық оқушыларға берілгені туралы есеп берді. Қыркүйек айында мектеп кітапханасындағы көркем әдебиет қорын кітапханалық-библиографиялық жүйе бойынша орналастыру жұмыстары жүргізілді. Мектеп кітапханасындағы оқулықтар сыныптарға бөлініп, жаратылыстану және қоғамдық гуманитарлық бағыттар бойынша реттеліп сөрелерге орналастырылды.

4-ші мәселе бойынша : «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру. Материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау.

Тыңдалды: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Есенбаева К.Б

Жалпы білім қорынан 150000 теңге азқамтылған отбасынан шыққан 5 оқушыға берілді.

№	Аты-жөні	Берілген тауардың атауы	бағасы
1	Богданов Альберт	Спорттық киім, спорттық аяқ киім, кеңсе тауарлары рюкзак) 1 комплект	30000 (отыз мың теңге)
2	Березников Кирилл	Спорттық киім, спорттық аяқ киім, кеңсе тауарлары рюкзак) 1 комплект	30000 (отыз мың теңге)
3	Мазур Кристина	Спорттық киім, спорттық аяқ киім, кеңсе тауарлары рюкзак) 1 комплект	30000 (отыз мың теңге)

4	Соболева Светлана	Спорттық киім, спорттық аяқ киім, кеңсе тауарлары рюкзак) 1 комплект	30000(отыз мың теңге)
5	Сарина Альбира	Спорттық киім, спорттық аяқ киім, кеңсе тауарлары рюкзак) 1 комплект	30000(отыз мың теңге)

Сонымен қатар республикалық «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру кезінде мектеп мұғалімдері де атсалысып өз үлестерін қосты. Материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау кезінде қосымша 5 класс оқушысы Сарина Альбираға жылы күрте, етік және кеңсе тауарларымен қамтамасыз етілді.

Оқу барысында 10 «А» класс оқушысы Ислямова Каринаға материалдық көмекке мұқтаж еткені анықталып, оған да көмек қарастырылсын.

Шешім :

1. 2021-2022 оқу жылында Қамқоршылық кеңесінің жоспары ұсыныстар мен қосымшыларды енгізе отырып бекітілсін. Қамқоршылық кеңестің жұмысын одан әрі жандандыру, қайырымдылық жұмыстарын жүргізу алға қойылсын.
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын нормативтік-құқықтық ережелерге сүйіне отырып, жұмыстар атқарылсын.
3. Мектеп кітапханашысының есебі қабылдансын.
4. Материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау уақытылы атқарылсын. Ұсынылған оқушылар тізімі бекітіліп, әлеуметтік көмек берілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Жумагулов.Н

Хатшы: Жакупова Л.П

Кеңес мүшелері: Битлеуов .С Битлеуов .С

Бурин Н. Бурин Н.

Вавилова Л.В. Вавилова Л.В.

Смагулова .С.Т Смагулова .С.Т

Акимов Р.Ж. Акимов Р.Ж.

Утепов К. Утепов К.

Камысбаев Т Камысбаев Т